

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 890 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Samsung-KTNET консорциумының "KOREA TRADE NETWORK" компаниясы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар "Электронды кеден" ақпараттық жүйесінің құрамдас бөліктерін "Электронды кеден" ақпараттық жүйесінің ақпараттық ағын бизнес-процестерінің реинжинирингі және құрудың егжей-тегжейлі жоспарын дайындау бөлігінде әзірлеу жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде 54600000 (елу төрт миллион алты жүз мың) теңге сомасына қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*